

II-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының кезектен тыс XXIII-сессиясында 2002 жылғы 28 желтоқсанда бекітілген "Алматы қаласы бойынша жер салығының төлемдерінің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы (Алматы қаласы әділет басқармасында 2002 жылғы 29 желтоқсанда тіркелген N 503)

### *Күшін жойған*

III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IV сессиясының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 22 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 31 желтоқсанда N 575 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы N 193 шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 333 бабының 1-ші тармағы, 338 бабының 1-ші тармағы мен Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес III-сайланған Алматы қаласы Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Алматы қаласы Мәслихатының II-сайланған кезектен тыс XXIII-сессиясында 2001 жылғы 28 желтоқсандағы "Алматы қаласы бойынша жер салығының төлемдерінің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешімінің N 1, N 2 қосымшаларына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) N 1 қосымшада "30%" саны "40%" санына, "34,64" саны "40,53" санына өзгертілсін ;

2) N 2 қосымшада "3" саны "5,00" санына өзгертілсін.

2. Бұл шешім 2004 жылғы қаңтардың 1-нен бастап күшіне енеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясы (А.И.Шелипанов) және Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Е.Баеділовке жүктелсін.

*III-сайланған Алматы  
қаласының Мәслихатының*

*IV-сессиясының төрағасы*

*III-сайланған Алматы  
қаласының Мәслихатының*

*хатшысы*

III-сайланған  
қаласы

2003

жылғы

Алматы

Мәслихатының

24

желтоқсандағы

IV-сессиясы N 22 шешіміне

N 1 қосымша

**Алматы қаласының жерлерінің аудандастыру (сұлбалары) жобасының негізінде  
базалық салық мөлшерлемелерінің түзетілімі**

	<i>Ең төменгі мөлшерлемесі</i>	<i>Базалық мөлшерлеме</i>	<i>Ең жоғарғы мөлшерлеме</i>
<i>2004 жылы 40% қосылып 10% шегеріліп теңгемен бекітілген жер салығының сараланған мөлшерлемесі</i>	<b>26,06</b>	<b>28,95</b>	<b>40,53</b>

*III-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының*

*IV-сессиясының төрағасы*

*III-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының*

*хатшысы*

III-сайланған

Алматы

қаласы

Мәслихатының

2003 жылғы

24

желтоқсандағы

IV-сессиясы N

22

шешіміне

N 2 қосымша

**Үй төңірегіндегі жер төлемдерінің базалық салық мөлшерлемелері**

	<i>100 шаршы метрден асатын жер телімдері бойынша</i>
<i>1000 шаршы метрден асатын жер телімдері салығының мөлшерлемесі</i>	бір шаршы метр үшін 5,00 теңге

*III-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының*

*IV-сессиясының төрағасы*

*III-сайланған Алматы қаласының Мәслихатының*

*хатшысы*